

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ"
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ»:
ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА»**

**WORKS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS
OF TRANSITION TO A "GREEN ECONOMY": APPLICATION OF THE EXPERIENCE
OF THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION"**

АСТАНА, 2022
ASTANA, 2022



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ"**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ»:
ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА»**

WORKS

of the International scientific and practical conference
**"SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS
OF TRANSITION TO A "GREEN ECONOMY": APPLICATION OF THE EXPERIENCE
OF THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION"**

АСТАНА
28.10.2022

ӘОЖ 338 (574)
КБЖ 65.9 (5Каз)
Ж 33

Рецензенты:

Мажитов Д.М. – к.э.н., профессор НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Редакционная коллегия

Макыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Stanislaw Luniewski – Генеральный директор ООО "ASTWA", профессор Университета финансов и менеджмента в Белостоке, почетный профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Польша

Artur Luniewski – Член правления ООО "ASTWA" доктор философии, почетный профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Польша

Майдырова А.Б. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Экономика и предпринимательство» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Насырова Г.А. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Финансы» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Сембиева Л.М. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Государственный аудит» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Бейсенова Р.Р. – д.биол.н., профессор, заведующая кафедрой " Управление и инжиниринг в области охраны окружающей среды " ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Мукашева А.А. – д.ю.н., профессор кафедры "Гражданское, трудовое и экологическое право" ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Муталиева Л.М. – к.э.н., ассоциированный профессор, заведующая кафедрой «Туризм» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Жагыпарова А.О. – к.э.н., ассоциированный профессор, зам.декана по научной работе экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

ISBN 978-601-337-777-3

Ж 33

«Жасыл экономикаға» көшу жағдайында Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы: еуропалық одақ елдерінің тәжірибесін қолдану» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2022. – 484

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Устойчивое развитие Республики Казахстан в условиях перехода к «зеленой экономике»: применение опыта стран европейского союза». – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2022. – 484

Works of the International scientific and practical conference «Sustainable development of the Republic of Kazakhstan in the conditions of transition to a "green economy": application of the experience of the countries of the European Union». – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2022. – 484

ISBN 978-601-337-777-3

УДК 338 (574)
ББК 65.9 (5Каз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2022 © НАО
«Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2022
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2022

Литература:

1. Биржаков М.Б., Воскобойникова Н.Н., Григорьева В.В. Экологический туризм // Большой Глоссарий терминов международного туризма. СПб.; М.: Изд-во «Невский фонд»: Издательский дом «Герда», 2006. – С. 881-906.
2. Бабкин А.В. Специальные виды туризма. - Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. – 252 с.
3. The international ecotourism society. – URL: <https://ecotourism.org/>.
4. Tourism for SDGS. – URL: <https://tourism4sdgs.org/tourism-for-sdgs/tourism-and-sdgs/>.
5. UNWTO Tourism in the 2030 AGENDA. - URL: <https://www.unwto.org/tourism-in-2030-agenda>
6. Travindy. (2022). Лучшие практики устойчивого туризма. Сборник.
7. Grootbos foundation. – URL: <https://grootbosfoundation.org/green-futures/>.
8. Cayuga Collection. – URL: <https://www.cayugacollection.com/green-season/>.
9. Kazan Palace Hotel by Tahigo. Stay in Harmony. – URL: <https://neokazanpalace.com/harmony/>
10. HiFly! Air company. – URL: <https://hifly.aero/about/?anchor=sustainability>
11. AviaSales. – URL: <https://www.aviasales.ru/?params=NQZ1>
12. Albatros Expeditions. The Green Initiative Program. – URL: <https://albatros-expeditions.com/green-initiative-program>
13. Reality tours and travel. – URL: <https://realitytoursandtravel.com/social-impact/>

МӘДЕНИ МҰРА ЕЛІМІЗДІҢ ТУРИСТІК ДЕСТИНАЦИЯЛАРЫН ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ТУРИСТІК РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ

Шарапаева Б.Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

8D11105-«Туризм» БББ докторанты

Қазақстан, Астана қ.

E-mail: botashka-14@mail.ru

Ғылыми жетекші: к.э.н., профессор м.а. **Баймбетова А.Б.**

Аннотация: Тарихи-мәдени мұра туризмді ұйымдастыру мен тұрақты дамытудың негізгі бөлігі болып табылады. Тарихи-мәдени әлеуетті іске асырудың маңызы зор, өйткені ол мемлекеттің әлемдік қоғамда танылуына жұмыс істейді. Еліміз өзінің ғасырлар бойғы тарихы мен ежелгі мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары арқылы әлем алдында танылатын және әлемнің әртүрлі елдерінен туристерді тартатын керемет ел. Айта кету керек, соңғы жылдары еліміздің танымдық туризм бойынша туристік тартымдылығына қызығушылық артты, бұл біздің еліміздің мәдени мұрасымен байланысты. Тарихи-мәдени мұра-қоғам өмірінің өнімі болып саналатын тарихи және мәдени құндылықтарды жандандыру арқылы туризмнің тұрақты дамуына әсерін тигізетіндігі тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Осылайша, еліміздің туризмінің тұрақты даму мәселесін шешуде қазақ халқының мәдени мұрасын мәдени-танымдық, діни, тұрақты және экологиялық туризмді ұйымдастыру арқылы туристік бағыттарды дамытудың негізгі ресурсы деп санауға болады. Туризмнің бұл түрлері елдің тарихи-мәдени әлеуетін пайдалануды білдіреді. Мақалада, туристік дестинация ұғымына анықтама беріліп, жіктеліміне сипаттама беріп, дестинацияға жататын туристік ресурстарды оның ішінде мәдени мұралардың рөлін айқындау.

Аннотация: Историко-культурное наследие является основной частью организации и устойчивого развития туризма. Реализация историко-культурного потенциала имеет большое значение, так как работает на признание государства в мировом обществе. Страна-это замечательная страна, которая благодаря своей многовековой истории и древней культуре, традициям и обычаям узнаваема перед миром и привлекает туристов из разных стран мира. Следует отметить, что в последние годы возрос интерес к туристской привлекательности страны по познавательному туризму, что связано с культурным наследием нашей страны. Актуальность темы свидетельствует о том, что историко-культурное наследие оказывает влияние на устойчивое развитие туризма через возрождение исторических и культурных

ценностей, являющихся продуктом жизни общества. Таким образом, в решении проблемы устойчивого развития туризма страны культурное наследие казахского народа можно считать основным ресурсом развития туристских маршрутов через организацию культурно-познавательного, религиозного, устойчивого и экологического туризма. Эти виды туризма являются историческими.

Annotation: Historical and cultural heritage is the main part of the organization and sustainable development of tourism. The realization of historical and cultural potential is of great importance, as it works for the recognition of the state in world society. The country is a wonderful country that, thanks to its centuries-old history and ancient culture, traditions and customs, is recognizable to the world and attracts tourists from around the world. It should be noted that in recent years, interest in the tourist attractiveness of the country for educational tourism has increased, which is associated with the cultural heritage of our country. The relevance of the topic indicates that historical and cultural heritage has an impact on the sustainable development of tourism through the revival of historical and cultural values that are a product of society. Thus, in solving the problem of sustainable development of tourism in the country, the cultural heritage of the Kazakh people can be considered the main resource for the development of tourist routes through.

Кілт сөздер: туристік дестинация, туризм, мәдени мұра, туристік индустрия, туризм инфрақұрылымы, маркетинг, туристік ресурс.

"Дестинация" ұғымы алғаш рет туризмді зерделеудің жүйелі тәсілі шеңберінде пайда болды. Н. Лейпердің жалпы танылған моделіне сәйкестуризм жүйесі, кем дегенде бес өзара тәуелді элементтердің болуын талап етеді [1, 256.]:

- Туристер;
- Туристерді генерациялау аймағы;
- Транзиттік аймақ;
- Туристік дестинация;
- Туристік индустрия.

Қазақстандық туризм практиктері мен теоретиктері үшін "туристік дестинация" ұғымы салыстырмалы түрде жаңа болып табылады. Шетелдік авторлар бұрыннан "дестинация" терминін тәжірибелік және ғылыми мақсатта қолданады, соның негізінде туристік дестинацияның түрлі аспектілерін оқытатын отандық әдебиеттің көп бөлігі жазылған.

Дестинацияның нақты анықтамасы жоқ, өйткені ол көптеген туристік зерттеулердің объектісі болып табылады.

Туристік дестинация – турист демалысты өткізгісі келетін аумақ, өңір немесе ел. Осыдан қорытындыға келуге болады: дестинация – туристік профилі мен инфрақұрылымы бар шағын көлемді аумақ, оны қонақ 10 күннен аспайтын уақыт аралығында оның негізгі бөлігінен өте алады. Дестинациялар тартымды объектілері бар, көптеген туристер үшін қолжетімді немесе оңай өтетін, инфрақұрылыммен және сервистермен жабдықталған аумақтар болып табылады.

Егер аумақ дестинация ретінде қабылданса, бірнеше артықшылықтар пайда болады. Дестинация шегінде туристік өнімнің кейбір біртектілігі туралы айтуға болады, сондықтан аумақты туристік аймақ ретінде қарастыруға және аудандастыру қажеттілігіне жүгінбеуге болады. Дестинация шегіндегі экономикалық факторларды теңдестірілген деп есептеуге болады. Жоғарыда сипатталған ұғымның үш тәсілінен туындайтын басқа артықшылықтарды анықтауға болады.

Бірінші тәсіл (экономикалық) – бірдей нарықтық қатынастарды, бірыңғай валютаны, бірдей баға позицияларын, бірыңғай еңбек нарығын және т. б. қолдануға мүмкіндік береді.

Екінші тәсіл (туристік бағдарлану) – ұсынылатын туризм түрлеріне ұқсас мәдени-тарихи мұраның және мамандандырудың артықшылығын, тілдік біркелкілікті, туристерге бірыңғай көзқарасты және қызмет көрсету деңгейін және т.б. болжайды.

Үшінші тәсіл (географиялық) – аумақты туристік біртекті ретінде қабылдауға

мүмкіндік береді, мұнда көптеген мәндер бойынша аудандастыру қажеттілігі жоғалады, бұл ретте барлық аумақ қолайлы болып қабылдануы мүмкін.

Туристтік дестинация-туристік жүйенің шешуші элементі. Барлық жағдайлары жасалған, қызмет көрсетулермен қамтылған территория болып табылады.

Егер қорытынды жасайтын болсақ, онда дестинация деп атауға болады, ол орталық туристік объектіден басқа, көптеген туристерге бару үшін қолайлы ортасы болады. Бұл туристік нысандар мен маршруттар желісімен қамтылған, олар осы нысандарды байланыстыратын және он күннен аспайтын уақыт ішінде еңсеруге болатын аумақ.

"Туристтік дестинация" кіші жүйесінен тыс, бірақ туристік қызметтің

"объект" компонентіне кіретін туристік инфрақұрылым және дестинация шекарасынан тыс орналасқан туристік кәсіпорындар.

1. Орналастыру, тамақтану орындарының, дамыған көлік инфрақұрылымының болуы.

2. Аттрактивтілігі (туристерді қызықтыратын нысандардың болуы)

3. Ақпараттық және коммуникативті жүйенің болуы (глобальді ақпараттық жүйе «Amadeus», «Galileo», «Worldspan», «Sabre» және т.б. Туристтік дестинация фазалары:

1. Туризм әсерінен өзгеріске ұшырамаған территорияның дестинациялық тартымдылығының болуы.

2. Табиғаттың тартымдылығы әсерінен туристер санының өсуі. Туристтік инфрақұрылым негізінің пайда болуы.

3. Жергілікті биліктің жарнамалық әрекетінен туристік ағымның болуы. Туристтік нарық пайда болып, дестинацияны белсенді дамыту.

4. Туристердің келген мөлшерін бақылай алмау, инфрақұрылымды ары қарай дамыту дестинация түрін өзгеріске ұшыратады (дүкендер, бар, қонақ үй, казино, т.б. қызмет көрсетуге қажетті нысандарды салу)

5. Жаңа жұмыс орындарының пайда болуы. Басқа аудандардан жұмысқа орналасуға келген адамдардың қоныстануы т.б. нәтижесінде бұл дестинация сәнді емес, басқалары сияқты унификацияланған болады.

6. Туристтік ағынның азаюы (біртепті дестинацияға айналғаннан соң)

7. Қызмет көрсету нысандары қолданылмайды (қонақ үйлердің бос қалуы т.б.)

8. Жеңілдіктер, жаңа баға саясаты немесе дестинацияны дамыту үшін жаңа идея, тартымдылықтың жаңа факторын ойлап табу.

Туристтік дестинациялардың түрлері мен құрылымдық элементтері. Маркетолог, Филип Котлер, дестинацияларды макродестинация және микродестинация деп бөледі.

Макродестинация – мыңдаған микродестинациялары бар АҚШ сияқты аумақтар: аймақтар, штаттар, ірі және шағын қалалар мен қала ішіндегі дестинациялар. Басқа авторлардың ұқсас типологиялары негізінде (Боголюбов, КришанК. Карма) дестинацияның төрт түрін таңдаймыз [4, 16 б.]:

1. Туристерді өздерінің көрікті жерлерімен (танымдық туризм), бизнес мәселелерін шешу үшін жақсы мүмкіндіктермен (конгресстер, бизнес-туризм, семинарлар, көрмелер) тартатын ірі астаналық қалалар немесе оларға теңестірілген (Алматы үлгісіндегі қалалар немесе астаналар). Таныстар мен туыстарға бару мақсатында туризм, сондай-ақ басқару міндеттерін шешу үшін 12 әкімшілік орталық маңызды рөл атқарады. Сондықтан ірі қалаларда тарихи, әкімшілік, сауда, бизнес-орталықтар мен рекреациялық аймақтар бар.

2. Туризмді мақсатты дамыту орталықтары-әдет-ғұрып, тарих, мәдениет сақталған ауылдар, қалалар. Туристерді тарту үшін қонақ үйлер осы қалалар мен ауылдардан аз қашықтықта тұрғызылады.

3. Туристтік орталықтар – астаналар емес, бірақ қаласының жоғары концентрациялы екінші туристік ресурстары бар (қонақ үйлер, мейрамханалар, дүкендер және т. б.) және жақсы көлік қатынасы дамыған, өңірлермен тартымды, өз тарихы, мәдениеті, ғылымы арқасында танылған орталықтар.

4. Туристер үшін арнайы салынған курорттар (орталықтар) (Калифорнияда және Францияда "Disneyland"; Данияда "Naturebornholm").

Дестинация бастапқы және екінші болуы мүмкін. Бастапқы дестинация-бұл туристің оған келуге және белгілі бір уақыт аралығында осы қызығушылықты қанағаттандыруға қызығушылық тудыратын дестинация. Екінші дестинация – бұл бір-екі күнге туристің қажеттілігін қанағаттандыратын дестинация жолында тоқтайтын орын. Туристік дестинациялардың толық типологиясы маркетинг С. Хадсон жұмысында көрсетілген [2, 56б.] (кесте.1)

Кесте 1
Дестинацияларды жіктеу

Дестинация түрі	Сипаттамасы
Негізгі халықаралық дестинациялар	Тізімдегі дестинациялар «көрулері керек», халықаралық туристердің үлкен санына арналған. (Париж, Лондон, Нью-Йорк т.б.)
Классикалық дестинациялар	13 табиғи, мәдени және тарихи ресурстарға байланысты тартымды дестинациялар. Мысалы, Франциядағы Сан-Тропе, Лурдес.
Адам жасаған дестинация-курорттар	Туристер курортты өз бетімен дестинация ретінде қарастырады. Мексикада "Бәрі қосылған" курорттары
Табиғи ландшафтар немесе жабайы табиғат саябақ қорықтары	Табиғи және флора мен фаунаның сирек кездесетін өкілдерін қамтитын дестинациялар
Альтернативті дестинациялар	Дестинацияның заманауи түрі, круиз, тақырыптық саябақтар, үлкен сауда орталықтары, таймшер курорттар.
Бизнес туризм дестинациялары	Қызмет көрсетушілер (орналастыру, ойын-сауық және т.б.) бизнес келушілердің болуын ұзартуға тырысады.
Транзиттік дестинациялар	Туристерді генерациялау аймағы мен бастапқы туристік дестинация арасында орналасқан дестинациялар. Әдетте мейрамханалар мен кафелерін микстілігі және бюджеттік орналастырудың кең спектрімен сипатталады.
Қысқа мерзімге қалуға арналған дестинациялар	14 ұлттық және тиісті аттракциялар болған кезде – халықаралық деңгейде сай келетін дестинациялар. (Ниагара сарқырамасы)
Бір күндік қалу дестинациясы	Бір күн ішінде келетін көрші өңірлерден туристерді негізінен тартатын дестинациялар.
<i>Ескертпе – кесте [2] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған.</i>	

Жоғарыдағы кестеден туристік дестинациялардың түрлері көрсетілген. Олай болса, келесі кестеде туристік дестинация элементтеріне талдау жүргізейік (кесте 2).

Төмендегі кестеде берілген мәліметтер бойынша туризм инфрақұрылымының объектілері туристік дестинация элементтері болып табылатынын көреміз.

Қорытындылай келе, туристік дестинация туристің келуді таңдаған және аумақтың көрікті жерлерімен өзара әрекеттесуден әсер алу үшін уақыт өткізетін физикалық кеңістік екенін атап өтуге болады.

Бірыңғай тауар ретінде тағайындалған турист бір брендпен тұтынылады. Басқару объектісі болып табылатын физикалық және әкімшілік шекаралары бар, бірақ әкімшілік шекара әрқашан туристердің ақыл-кеңестеріндегі мақсаттағы шекаралармен сәйкес келмейді, бұл басқару жүйесіне ерекше мән береді.

Кесте 2
Туристiк дестинация элементтерi

Бастапқы элементтер		Қосымша элементтер
Қызмет орны	Демалыс мүмкіндіктері	
<u>Мәдени құндылықтар</u> Концерт залдары Кинотеатрлар Көрме алаңдары Мұражайлар мен көркем галереялар Театрлар <u>Спорттық ресурстар</u> Ашық алаңдағы және жабық үй-жайлар <u>Ойын-сауық ресурстары</u> Фестивальдар, Түнгі клубтар, Арнайы шаралар	<u>Физикалық сипаттамалары</u> Өткеннің ескерткіштері Шіркеу ғимараттары Айлақ Тарихи көше құрылысы Қызықты сәулет (ғимараттар) Парктер және жасыл аймақтар Су, өзендер, каналдар <u>Әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері</u> Фольклор, Достық, Тіл Жанұяны және қоршаған орта Жергілікті дәстүрлер мен ұлттық костюмдер Қауіпсіздік	Қонақ үйлер мен мейрамханалар Нарықтар Сауда орталықтары <u>Қосымша элементтер</u> Көліктің қол жетімділігі және тұрақ шарттары Туристiк ақпарат: ақпараттық орталықтар, гидтер, карталар, брошюралар
<i>Ескертпе – кесте [4] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған.</i>		

Дестинацияның бәсекеге қабілеттілігі туристік аумақтың тартымдылығын анықтайтын мүдделері мен қажеттіліктері туралы туристердің қабылдауымен анықталады. Дестинациялар – тұтас елден, өңірден, аралдан, қалаға, ауылға және тіпті жеке ойын-сауық саябағы және т.б. әр түрлі болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Борисов, Ю.Н. Маркетинг в туризме / Ю. Н. Борисов. – М. : Проект, 2009. – 52 с
2. Гончарова Н.А. Подходы к определению концепта «туристская дестинация» в научном дискурсе // Вестник науки Сибири. – 2015. – №2 (17). – С. 100-115. URL: <http://sjs.tpu.ru/journal/article/view/1332>
3. Гончарова Н.А. Развитие туристской дестинации / Н.А. Гончарова. –Ольборг: Институт истории, международных и социальных исследований Ольборгского университета, 2016. – 152 с.
4. Информационное обеспечение туризма: учебник / Н. С. Морозова, М.А. Морозов, А. Д. Чудновский, М.А. Жукова, Л.А. Родигин. – М.Федеральное агентство по туризму, 2017. – 288 с.
5. Карлова Л.В., Кондратьева И.В. Инновации в туризме: учебное пособие / Л.В. Карлова, И.В. Кондратьева. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2017. – 160 с.
6. UNWTO Tourism Highlights: 2015 Edition. Available at: <http://mkt.unwto.org/publication/unwto-tourism-highlights-2015-edition>